



Алға ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 500 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 6 желтоқсанда № 3699 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 504 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 30.12.2014 № 504 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Алға ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Джалгаспаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Шериязданов

Алға ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25.11
№ 500 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Тұрғылықты жердің атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны (адам)
1	Алға қаласы	60
	Барлығы	60

Бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиелеушіге жұмсалатын шығыс тардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар									
	Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар)									
	Сұйық отынмен жылытатын нысандар					Қатты отынмен жылытатын нысандар				
	1-ден 3-ке дейін топтар	4-тен 5-ке дейін топтар	6-дан 7-ге дейін топтар	8-ден 9-ға дейін топтар	10-нан және одан артық топтар	1-ден 3-ке дейін топтар	4-тен 5-ке дейін топтар	6-дан 7-ге дейін топтар	8-ден 9-ға дейін топтар	10-нан және одан артық топтар
	Ауылдық жерде									
						22784				
	Қалалық жерде									

кестенің жалғасы

Бір тәрбиелеушіге жұмсалатын шығыс тардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар				
	Балабақшалар (бөбек балабақша, орталықтар)				
	Газбен және орталықтандырылған жылу жүйесімен жылытатын нысандар				
	1-ден 3-ке дейін топтар	4-тен 5-ке дейін топтар	6-дан 7-ге дейін топтар	8-ден 9-ға дейін топтар	10-нан және одан артық топтар
	Ауылдық жерде				
	24026		15641		
	Қалалық жерде				
	24891	18074			12333

Бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар		
	Балабақша (бөбек-балабақшалар, орталықтар)		Балалар толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар
	ұйымдарда болу ұзақтығымен		
	9-10,5 сағат	12 сағат	
	400	420	300

Ескертпе: Бір тәрбиеленушіге бір күнге ата-ананың ақы төлеу мөлшері 420 теңгеден артық емес

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК